

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің  
Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

*Астана қаласы, Ахмет Жұбанов к., 7 үй  
№ 122 кабинет*

*№ 3*

*2026 жылғы 3 сәуір  
сағ. 10:30*

**Б.Б. Мамраев төрағалық етті**

**Қатысқандар:**

Қоғамдық кеңестің 13 мүшесі: С.А. Ырсалиев, Н.Б. Қалабаев, Г.А. Жапарова, А.А. Таубаев, Л.М. Түркістанова, Т.П. Дюсеков, Е.К. Айболдинов, Ж.А. Байдашева, Г.И. Көбенова, А.К. Сәдуақасова (онлайн), А.М. Мұқашева (онлайн), А.А. Бейсенбеков.

Қоғамдық кеңестің 3 мүшесі дәлелді себептермен жоқ: А.К. Күрішбаев, М.М. Мыса, Д.Р. Щеглова.

**Шақырылғандар:**

Министрліктің өкілдері: Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы – А.Ж. Тойбаев, Заң департаментінің директоры – А.З.Зейнолла, Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаментінің директоры – А.С. Рамазан, Ғылым комитетінің коммерцияландыру және шағын гранттар басқармасы басшысы – А.Н. Асылбекова, Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаментінің Цифрлық трансформациялау басқармасы басшысы – Д.А. Алмасова, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ғылыми кадрларды аттестаттау басқармасының бас сарапшысы – Ж.К. Мусурова, «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы – А.А. Ашкин, «Ғылым қоры» АҚ AI-Sana жобасының жетекшісі – А.Е. Изденова.

**Күн тәртібі:**

1. AI-Sana. Жас зерттеушілерді жасанды интеллектіні қолдану арқылы даярлау мәселелері. Шешімдерді жеделдету (ҚК Ғылым комитеті – Айболдинов Е.Қ., ҒК, Ғылым қоры).

2. БАҚ-та ғылым, тілдерді дамыту және жоғары білім беру мәселелерін жариялау. Жаңа идеялар мен жобаларды қалыптастыру, ақпараттық сүйемелдеуді күшейту (ҚК төрағасының мүшесі – Түркестанова Л.М.).

3. PhD диссертациялар мен ғылыми атақтардың сапасын бағалау тетіктері (ҒЖБССҚК, ҚК мүшелері).



Күн тәртібі қоғамдық кеңес мүшелерімен бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібін қарастыру және ашық талқылау қорытындысы бойынша төмендегі шешімдер мен ұсынымдар қабылданды:

### **1. AI-Sana. Жас зерттеушілерді жасанды интеллектіні қолдану арқылы даярлау мәселелері. Шешімдерді жеделдету**

*(Мамраев, Ашкин, Айбұльдинов, Ирсаилов, Байдашева, Дюсеков, Джапарова, Садвокасова, Асылбекова)*

#### **Бірінші мәселе бойынша:**

1. «Ғылым қоры» АҚ-ның басқарма төрағасы Арман Айтуғанұлы Ашкиннің баяндамасы назарға алынсын.

2. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті ҚР Бас прокуратурасы анықтаған көптеген қаржылық бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және 2026 жылғы 20 сәуірге дейінгі мерзімде Қоғамдық кеңеске ұсынсын.

3. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті бірлескен ғылыми зерттеулерді дамыту және оларды коммерцияландыру мақсатында өңірлік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты жандандырсын.

4. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Ғылым мен бизнесті интеграциялау мақсатында салалық министрліктермен жұмысты жандандырсын.

5. Қоғамдық кеңес «AI-Sana» мәселесін ағымдағы жылдың қараша айында өзектілігіне байланысты қайта қарауды орынды деп санайды.

### **2. БАҚ-та ғылым, тіл мен жоғары білімді дамыту мәселелерін жариялау.**

#### **Жаңа идеялар мен жобаларды қалыптастыру, ақпараттық сүйемелдеуді күшейту**

*(Түркістанова, Мамраев, Қалабаев)*

#### **Екінші мәселе бойынша:**

1. Қоғамдық кеңес төралқасының мүшесі Ләззат Мақсұтқызы Түркістанованың баяндамасы назарға алынсын.

2. ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаменті ғылым мен ғылыми білімді дәріптеу мақсатында ғылыми журналистиканы дамыту мүмкіндігін қарастырсын. Республиканың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында журналистерді даярлау сапасына қойылатын талаптарды арттыру.

3. ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаменті ғылыми журналистер пулын құру мәселесін қарастырсын. Терминологияны жетілдіру және қазақ тілін қазіргі ғылым тілі ретінде дамыту мақсатында қазақ тілінде ғылыми білімді насихаттауға назар аудару.



4. ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаменті мемлекеттік ақпараттық тапсырыс қаражаты есебінен «Қазақстан ғылымы» ұлттық медиа платформасын құру мүмкіндігі туралы мәселені қарастырсын.

### **3. PhD диссертациялар мен ғылыми атақтардың сапасын бағалау тетіктері**

*(Тойбаев, Қалабаев, Туркістанова, Айболдинов, Ырсалиев, Мамраев, Көбенова)*

#### **Үшінші мәселе бойынша:**

1. Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің төрағасы Әділет Жүнісұлы Тойбаевтың баяндамасы назарға алынсын.

2. ҚР ҒЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне сапа жөніндегі мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру және ғылыми кадрларды объективті аттестаттау мақсатында Қоғамдық кеңес диссертация сапасы мен академиялық адалдықты бағалау критерийлерін мүлтіксіз сақтауға қол жеткізуді ұсынады. Ресурстар мен әкімшілік мүмкіндіктер болған кезде тиісті салада толыққанды құзыреттері бар мамандандырылған басқаруды құру мүмкін болып көрінеді.

3. Ғылым комитеті мен ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын «Болашақ» халықаралық стипендиясының магистрлік және докторлық диссертацияларын ҰМҒТСО арқылы ғылыми айналымға енгізу мәселесін қарасын.

### **4. Әр түрлі**

*(Таубаев)*

1. «Esil University» мекемесінің ректоры Аяпберген Алданайұлы Таубаевтің университеттің қызметі мен даму жоспарлары туралы баяндамасы назарға алынсын.

**Қоғамдық кеңестің  
төрағасы**



**Б.Б. Мамраев**

**Қоғамдық кеңестің  
хатшысы**



**О. Махмұтұлы**